

## Мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай операторды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 1304 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 776 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2023 № 776 қаулысымен.**

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара және Авиация қызметтеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай оператор болып мыналар белгіленсін:

1) Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 24.05.2019 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) бензинді, дизель отынын, мазутты, авиациялық отынды (МемСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар") – "ҚазМұнайГаз - Аэро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 24.02.2017 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.02.2017 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2019 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.04.2020 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

